

**Ф.Б. Камалова**

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ИСЛАМ ФЕНОМЕНІ

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында орын алып отырған діни жағдай қазақ топырағында терең тамыр жайған дәстүрлі діндердің тарихын, таралу және ілімдік ерекшеліктерін талдауды қажет етіп отыр. Өйткені Ресей империясының отаршылдық саясаты, кейіннен кеңестік тоталитарлық тәртіп қазақ қоғамындағы діннің мәні мен маңызын объективті тұрғыдан жан-жақты талдап зерттеуге мүмкіндік бермеді. Алайда, Ислам діні кеңестік ресми билік тарапынан қолдауға ие болмағанымен, бұқара халық арасында күнделікті тұрмыстық деңгейде болсын өзінің дүниетанымдық, әлеуметтік-этикалық ықпалын жоғалтпады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы ұлттық сана мен болмыстың қайта жаңғыруы діннің қоғамдық өмірдегі рөлінің артуына алып келді. Дін ұлттық бірегейліктің, рухани өрлеудің ажырамас атрибуты, құрамдас бөлігі ретінде қарастырыла бастады. Сонымен қатар, осы уақыттарда Ислами ілімнің ғылыми-теориялық негіздеріне, ақида мен фикһ мәселелеріне деген қызығушылық та артты. Өкінішке орай, отандық философия ғылымында бұл мүлдем дерлік зерттелмеген, тың мәселелер еді. Араб, Пәкістан, Иран және т.б елдерде білім алып қайтқан кейбір жастар сол жердегі діни білімдермен сусындап, сол жергілікті халықтардың әдет-ғұрыптарына бейімделген Ислами құндылықтарын қазақ топырағына таратуға талпынды. Жетпіс жылдан аса атеистік идеология құрсауында болған еліміздің бірден бұл ұстанымдарға бет бұруы мүмкін болмады және сонымен бірге қазақ халқының дәстүрлі Ислами наным-сенімдері де аталған елдердікінен өзгеше еді. Осының барлығы діни түсініспеушіліктерге, халық арасында әр түрлі Ислам ағымдарының таралуына алып келіп, ауызбіршілікті шайқалтатын жағымсыз жәйттердің көрініс беріп қалуына себеп болуда. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ислам діні халықты ұлтқа, ұлысқа, тіліне, діліне қарап бөлмейді. Бүкіл адамзаттың баласын бауырым деп санайды. Қазақстанның көпшілік жұрты, яғни 70 пайызға жуығы мұсылман. Сол мұсылман халықтың ауызбірлігі күшті болса, ең алдымен өз қазағымыздың ауызбірлігі зор болса, біздің болашағымыз мұнан да жарқын» деп діни төзімділіктің елдің бірлігі мен тірлігіндегі орнын ерекше атап көрсетеді.

Қазақ халқы ғасырлар бойы Исламдағы сунниттік бағытты, соның ішінде Ханафи мазһабын ұстанып келгені баршамызға аян. Сондықтан отандық ғалымдарымыз бен зиялы қауымның, қарапайым халықтың осы Ислам іліміне

деген қызығушылығы мол.

Елімізде халықтың 70 пайызына жуығы Ислам дінін ұстанушылар деп жоғарыда айтылып кетті. Дегенмен, қазіргі таңда көрініс алып жатқан құбылыс, ол Ислам дінінің өзінің көптеген ағымдарға бөлінуі. Қоғамызда қазір Исламнан таралған көптеген ағымдар өмір сүруде. Олар: ахмадия қауымы, сопылық тариқаттар: сүлейменшілдер, нұршылдар, дауғатшылар, салафилер, зікіршілдер, яссауишілдер, құраншылдар, нақышбандия тариқаты т.с.с. 2005 жылы республика аймағында қоғамызға кері әсерін тигізген және олардың қызметіне тыйым салынған келесідей діни ұйымдар бар: «Хизб-ут Тахрир» (Лондон), «Мұсылман бауырлары» (Мысыр), «әл-Каида» (Ауғанстан); «Талибан»; «Боз – құрт»; «Лашкар – Таиба»; «Шығыс Түркістан Ислам партиясы»; «Өзбекстан Ислам қозғалысы»; «Әлеуметтік реформалар қоғамы» (Кувейт); «Орта Азия мажахедтер жамағаты»; «Күрд жұмысшы партиясы»; «әл-Аят» (ұйғыр ауданында Шонжыда); «Атажол» сияқты лаңкестік ұйымдар дінді бизнеске айналдырған, билікке ұмтылған. Бұлардың бәрі жалған Ислам атын жамылған экстремистік, террористік ұйымдар.

Бұл жаһандық деңгейде болып жатқан құбылыстар. Елімізге қаптап Ислам діні атын жамылып келген діни ұйымдар өздерінің сенімін ең хақ жол деп санайды. Олардың тараптарынан болған бұл құбылысты «діни эгоизм» десе болады. Шындығында, бәрі де «Құдайға барар жол біреу» деп сөздерін бастайды да, соңында өздері ғана тура жолда екендігін айтады. Меніңше, Ислам діні – өркениетті дін ретінде ондай ілік-шалыс қақтығыстан жоғары тұруы тиіс. Ислам бүкіл адамзат арасын ажыратушы емес, керісінше, біріктіретін дін. Бұл қазіргі қоғамда орын алып жатқан ислам феноменінің бір көрінісі.

Ал енді басқа жағынан қарастыратын болсақ, кейбір Ислам діні атын жамылған ағымдар Исламды саясаттандырып, яғни «саяси Ислам» түсінігін іс жүзіне асыруды мақсат етіп қойған. Өйткені, аталған термин дінді мемлекеттен бөліп тастамай, керісінше, елдің ішкі, сыртқы саясатына, экономикалық және басқарушылық құзырын бөлісуге тікелей араласқысы келетін діни «қолбасшылар» мен соларды жақтаушыларды қамтиды. Жоғарыда айтылған діни ұйымдарды осыған жатқызуға болады. Бұл да бір қоғамда болып жатқан ислам феномені болып табылады.

Айта кететін бір жайт, біз Ата заңымызға

сәйкес, қоғамымызды зайырлы мемлекет деп белгіледік. Соған сай, мемлекеттік басқару тармақтарына рухани, яғни діни билік кіргізілмеген. Сондықтан «саяси Исламды» іс жүзіне асырушылар, біз сияқты зайырлы мемлекеттерде билікке араласудың екі түрлі жолын тандайды. Біріншілері, қазіргі замандағы ақпараттық технологияны қолдану арқылы жасырын белсенділікке ие болып, Ислам мемлекетін құруды дәріптейді. Екіншілері, қоғамда өркендеу қадамдарына сай басқа заңдарды қоя тұрып, тіпті «Діни бірлестіктер туралы Заңымыздың» өзі де бірнеше рет өзгеріске ұшыраған.

Алайда, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» және оған қатысты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы депутаттар қолдауына ие болды.

Елбасымыз өзінің 2008 жылғы Жолдауында «Қазақстан алдағы уақытта да халықаралық лаңкестік пен діни экстремизмге қарсы күрес жөніндегі халықаралық коалицияның белсенді мүшесі ретіндегі ұстанымын жан-жақты нығайта беруге ниетті деп атап көрсетті» [1, 31 б].

Сонымен қатар, қазіргі уақытта қоғамымыздағы діни ахуалды орнына қою мақсатында құрылған Діни Істер Агенттігі мен Қазақстан мұсылмандар діни Басқармасы (ҚМДБ) жұмыс жасауда. Бұл құзырлы органдардың жұмысы республикамызды исламның ортодоксальды ағымдары мен түрлі агрессивті псевдоисламдық ағымдардан қорғауға мүмкіндік беруде. Діни Агенттіктің төрағасы Қайрат Лама Шәріп енді шетелдік миссионерлердің Дін істері жөніндегі агенттіктің аумақтық департаменттерінде жыл сайын қайта тіркеуден өтуге міндетті екендігін ерекше атап кетті. Миссионер ретінде тіркеуден өту үшін құжаттар ұсынған жаққа егер оның миссионерлік қызметі конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, адам құқықтары мен бостандығына, халықтың денсаулығы мен имандылығына қатер төндіретін болса, дінтану сараптамасының теріс қорытындысы негізінде тіркеуден өткізуге бас тартылатын болады. Тіркеуден өтпеген миссионерге еліміз аумағында қызмет жасауға тыйым салынады. Адам құқықтарын қорғау мақсатында діни ұйымдардың қайырымдылық жұмыстары азаматтарды материалдық тұрғыдан ынталандыру арқылы белгілі бір діни ілімдерді ұстануға мәжбүр етпеу тиіс.

Бірақ қазір қоғамымызда қалыптасқан көзқарастар жайлы да айта кету керек. Бүгінгі таңда тұрғындар арасында, әсіресе жастар ортасында діни сананың белсенді дамуы байқалады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылда-

рында Қазақстанда жалпы 63 мешіт болса, бүгінгі таңда 2510-нан астам мешіт қызмет атқарып жатыр. Жалпы Қазақстанда ислам діні, соның ішінде мешіт мәселесін шешуде агенттік төрағасының айтуынша, мешіттердің атауы ұстанатын ислам діни сенім тиесілігі мен мәртебесін қамтуы тиіс. Мешіт атауларына қатысты сөзінде Қ. Лама Шәріп қалталы азаматтардың өмірден өткен туыстары мен ата – аналарының құрметіне атау үрдісінің байқалып отырғандығын жеткізді. «Біз мұндай іс-әрекетті дұрыс санамаймыз. Бұдан арылуымыз керек. Мұсылмандар санасында мешітті Алланың үйі ретінде қалыптастыруға ықпал ету қажет. Мешіттердің атауына Алланың 99 көркем есімінің бірін берсе, нұр үстіне нұр болар еді», деді агенттік төрағасы. 2011 жылдың 1-қаңтарында мұсылмандық діни бірлестіктердің саны 2756-ны құрады. Олар шыныменде Ислам дінін насихаттай ма әлде түбінде көздегені басқа ма? Шыныменде сол тұрғындарымыз бен жастарымызда діни сана бар ма? Олар дінді толық түсініп меңгере білді ме? – деген көптеген сұрақтар туындайды. Қазіргі қоғамымызда осындай күрделі мәселелер орын алуда, себебі олардың көбісінің дінді терең түсінбеуі, діни сауаттың жетіспеуі болып табылады. Біз көшеде немесе ғимараттарда хиджаб киген әйел балаларды жиі кездестіреміз, балақтары қысқа және сақал қойған ер балдарды да кездестіреміз. Сонда бізге бір ғана ой келеді, шын мәнінде олар Ислам дінін ұстанушылар ма әлде басқа бір ағымдағылар ма деген. Бұлай ойлайтынымыздың себебі бар, ол Ислам дінінің өзге жат ағымдарға бөлінуі.

Осының салдарынан қазір елімізде «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» атты жаңадан заң қабылданды. Осы заңның арқасында көптеген шешілмеген мәселелер шешімін тауып, барлығы орнына келеді деген үміттеміз. Сонымен, заң жобасының алғысөзінде Қазақстан халқы мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі исламның ханафи бағыты мен православиенің тарихи рөлі танылып, басқа да діндерге құрмет атап көрсетілген. Агенттік төрағасының айтуынша, діни бірлестіктерді құру, мемлекеттік тіркеу, қайта құру және тарату тәртіптері жүйеге келтірілген. Сондай-ақ заң жобасында отбасын бұзуға бейім және соған мәжбүрлейтін, міндетті білім алуға бөгет жасайтын, азаматтардың имандылығы мен денсаулығына зиян келтіретін діни бірлестіктердің қызметіне тыйым салу көзделген.

Жергілікті жерде діни мамандардың жетіспейтіні рас. Дегенмен, елімізде 9 медресе мен «Нұр Мүбәрак» Египет Ислам мәдениеті университеті бар. Онымен қоса, Алматыда Қазақ Ұлттық Университетінің дінтану және

мәдениеттану кафедрасы, Астанада Еуразиялық Ұлттық Университетінің дінтану кафедрасының атқарып жатқан жұмыстары зор. Олар елдегі қаптап жатқан дәстүрлі және дәстүрлі емес діндердің шығуы мен дамуын талдап, оқытуда.

Қорытындылай келгенде, қазіргі кезеңдегі Қазақстан дамуының ерекше сипаттарының бірі қоғам өміріндегі Ислам діні рөлінің күннен күнге арта түсуі болып табылады. Оның беделі мен мәртебесі арта түсуде, әлеуметтік қызметі кеңеюде, діндарлар мен ислами діни бірлестіктердің саны көбеюде. Сонымен қатар, рухани қайта өрлеу үрдісі Қазақстан бұрын кездеспеген белгілі бір мәселелердің бетін ашты. Республикада көп конфессионалды кеңістік қалыптасты. Оның құрамына Қазақстан үшін дәстүрлі болып табылатын сенімдегі (ислам және христиан православиесі) діни бірлестіктермен бірге Қазақстанда бұрын кездеспеген діни қозғалыстардың дәстүрлі емес жаңа ұйымдары да кірді. Сондай-ақ Қазақстанға діни экстремизмнің енуіне ықпал ететін, деструктивті және тоталитарлық бағыт танытатын жалған діни ұйымдарда пайда бола бастады. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Сындарлы он жыл» кітабында айтқандай, елімізде «Хизб-ут Тахрир» мен «Таблиғи Жамағат» сияқты экстремистік ұйымдар жасырын жұмыс істеуде. Президентіміз кітабында Қазақстан халықтарының бірлігіне бір нұқсан келетін болса, осы діни экстремизмнің импортынан келеді деп санайтынын жазды. «Сондықтан да, шырық бұзар идеяларды импорттамайтын орнықты Қазақстан үшін елдегі конфессияаралық келісімге аздап көлеңке түсер болса, мұның өзі алдымен діни экстремизмнің импортынан болмақ» [2, 99 б]. Экстремизм импорты қазір жүріп те жатыр. Діни қауымның белгілі бір бөлігі діни төзімсіздік идеясын ту ететін шет елдегі ислам орталықтары миссионерлерінің ықпалына ілігуде. Бірақ, жоғарыда айтқан «Хизб-ут Тахрир» мен

«Таблиғи Жамағат» сияқты экстремистік ұйымдарға қоғамымызда тыйым салынып, ысырылып тасталынды.

Қазақ халқының мәдениеті мен руханияты ислам өркениеті мен дүниесінің ажырамас бөлшегі. Елімізге ислам діні күшпен емес бейбіт жолмен енді. Дінбасымыз Әбсаттар Қажы Дербісәлінің пікірінше, «Ислам діні барлық адамзатты, соның ішінде, оңы мен солын түсіне қоймаған жастарымызды тәрбиелейтін айқын жол екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ шығар. Дін – барлық ғылымның, рухани дамудың, мәдениеттің негізі» [3, 145 б].

Бүгінде көп конфессионалдылық әлемдегі мемлекеттердің басым көпшілігіне тән болып табылады. Сондықтан мемлекеттің діни саясатпен діни қатынастар саласындағы басты міндеттердің бірі – дінаралық қайшылықтарға жол бермей, олардың алдын алу.

Мемлекеттің тұрақты дамуының басты кепілі – қоғамдағы тұрақтылық. Сондықтан қазіргі таңда зайырлы мемлекет үшін азаматтық бірегейлік басты белгі болып табылғанымен, діннің де қоғамдық процестерге маңызды ықпал ететінін естен шығармаған жөн.

1. Назарбаев Н. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. Астана, 2008. 31 б.

2. Әбсаттар Қажы Дербісәлі. Ислам және заман. Алматы, 2003. 145 б.

3. Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – Алматы; Атамұра, 2003. – 99 б.

\*\*\*

В статье рассматривается феномен Ислама и его роль в Казахском обществе.

\*\*\*

The phenomenon of Islam and its role in Kazakhstan society is considered in this article.